Кіріспе. Қазіргі таңда физиканы оқыту сапасын арттыру – физикалық білім беру саласындағы зерттеулердің негізгі бағыттарының бірі болып отыр. Әсіресе, кванттық физика саласындағы оқыту процестері физика білімінде ерекше назар аудартатын бағыттардың біріне айналды (Chiofalo & Michelini, 2023; Michelini и др., 2022). Бұл қызығушылық қазіргі таңда кванттық технологиялардың кванттық есептеу, кванттық байланыс, кванттық сенсорлар мен кванттық криптография салалары кеңінен танымал болуына байланысты артып отыр (Greinert и др., 2023; Kaur & Venegas-Gomez, 2022). Бұл технологиялардың негізінде кванттық оптика ұғымдары жатыр. Сондықтан бұл бағытта оқу бағдарламаларын жетілдіру, оның ішінде оқытудың мазмұны мен әдістемесін заманауи талаптарға сай бейімдеу қажет. Соңғы жылдары оқу бағдарламаларын жетілдіру тек классикалық физика (механика, электр құбылыстары) аясында ғана емес, сонымен қатар кванттық физика сынды күрделі және іргелі бөлімдерді қамти отырып жүзеге асырылуда (Müller & Wiesner, 2002).

Осыған орай, әлемнің көптеген елдерінде оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізіліп, кванттық физика элементтері, оның ішінде кванттық оптика ұғымдары мектеп және ЖОО деңгейінде енгізіле бастады. Алайда, мұндай жаңартулармен қатар, оқыту үдерісінде бірқатар дидактикалық қиындықтар да байқалып отыр. Атап айтқанда, студенттер кванттық ұғымдарды классикалық физикамен салыстыра отырып қабылдауға тырысады, бұл олардың фотон,

когеренттілік, интерференция сияқты түсініктерді толық меңгеруіне кедергі келтіреді(Құрманғалиева & Омарова, 2023). Мысалы, кванттық интерференция құбылысын оқытуда студенттер жарықтың бөлшек табиғатын ұғынуға қиналып, жарықтың бір уақытта екі жолмен жүруі секілді суперпозиция қағидасын қабылдауда қателік жібереді(Оңғарбай, 2024; Marshman & Singh, 2015). Сонымен қатар, кейбір зерттеулерде кванттық оптикада жиі қолданылатын тәжірибелердің нәтижелерін түсіндіруде студенттердің математикалық сипаттамалар мен нақты құбылыстар арасындағы байланысты орнатуда қиындыққа тап болатыны анықталған (Al-Salmani & Thacker, 2021). Бұл қиындықтар оқушылар мен студенттердің тек математикалық сипаттамаға сүйеніп қана қоймай, концептуалдық түсініктерді нақты модельдер және визуалды құралдар арқылы меңгеру қажеттілігін алға тартады (Küchemann и др., 2023; Ubben & Bitzenbauer, 2023). Осыған орай, кванттық оптиканы оқытуда теория мен практиканы, сандық модельдер мен шынайы эксперименттерді үйлестіре алатын әдістемелік тәсілдер жүйелі түрде зерттеуді қажет етеді. Бұл бағытта студенттердің түсінік қалыптастыру ерекшеліктерін зерттеген бірқатар ғылыми жұмыстар жүргізілген. Алайда, осы зерттеулерде қарастырылатын мазмұн көбіне теориялық сипатта болғандықтан, кванттық физиканың қолданбалы салалары, соның ішінде кванттық оптика сияқты нақты бағыттардағы оқыту ерекшеліктері әлі де жеткіліксіз зерттелген(Müller & Wiesner, 2002). Бұл болашақта осы салада мақсатты, пәнге бағдарланған әдістемелік зерттеулер жүргізудің қажеттілігін көрсетеді.

Осы аталған қиындықтарға қарамастан, зерттеушілер кванттық физика, оның ішінде кванттық оптика бойынша базалық түсініктерді мектептен бастап жоғары оқу орындарына дейін оқыту қажет екенін алға тартады(Henriksen и др., 2014). Бұл ұсыныстар білім алушылардың заманауи кванттық технологияларды түсінуі мен болашақ кәсіби дайындығы үшін аса маңызды екендігін көрсетеді. Көптеген елдердің жоғары оқу орындарындағы типтік оқу жоспарларында кванттық оптикаға бөлінетін сағат саны шектеулі күйінде қалып отыр. Мысалы, Қазақстандағы бакалавриат деңгейіндегі «Кванттық физика» пәні аясында кванттық оптикаға бар болғаны 4–6 сағат көлемінде дәрістер бөлінеді, ал практикалық сабақтарда бұл тақырып терең талданбайды. Бұл уақыт мөлшері студенттердің күрделі ұғымдарды меңгеріп, оларды қолданбалы контексте түсінуіне жеткіліксіз болуы мүмкін.

Сәйкесінше, қазіргі ғылыми-техникалық талаптарға сай білім беру үшін жоғары оқу орындарында кванттық оптикаға арналған оқу мазмұнын кеңейту және оған бөлінетін сағат санын арттыру қажет.

Алайда, кванттық физиканы, соның ішінде кванттық оптиканы тиімді оқыту үшін ең алдымен студенттердің осы салаға қатысты бастапқы білім деңгейін анықтау маңызды болып табылады. Білім алушылардың оқу жетістіктерін тиімді бағалау және оқыту процесін олардың білім деңгейіне сәйкестендіру үшін алдымен білім деңгейін диагностикалау маңызды (Özdemir & Clark, 2007). Себебі оқу мазмұны мен әдістемесін білім алушылардың алдыңғы білімдері мен түсініктеріне сәйкес бейімдеу оқытудың тиімділігін арттырады. Осыған орай,

ұсынылып отырған зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – физика мамандығы бойынша оқитын студенттердің кванттық оптика саласындағы бастапқы білім деңгейін анықтау. Бұл талдау нәтижелері оқу бағдарламаларын мазмұндық және әдістемелік тұрғыдан қайта қарастыруға, сондай-ақ студенттердің оқу қажеттіліктеріне сәйкес келетін тиімді оқыту стратегияларын әзірлеуге негіз бола алады.

Зерттеу жұмысы келесі ғылыми гипотезаларға негізделді. Бұл гипотезалар зерттеудің логикалық негізін құрайды және эмпирикалық деректер арқылы тексерілетін болжамды тұжырымдар ретінде қарастырылады:

1-гипотеза. Студенттер кванттық оптикада тәжірибелік сипаттағы ұғымдарды теориялық ұғымдарға қарағанда жақсы меңгерген.

2-гипотеза. Студенттердің жауаптарындағы сенімділік деңгейі мен дұрыс жауап беру арасында оң корреляциялық байланыс бар.

3-гипотеза. Жыныстық белгісі бойынша (ер/әйел) студенттердің кванттық оптика саласындағы білім деңгейінде статистикалық тұрғыдан айырмашылық байқалады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне жету үшін сандық зерттеу әдісі, оның ішінде сауалнама қолданылды. Зерттеудің негізіне арнайы құрастырылған құрылымдық сауалнама алынды. Сауалнама кванттық физика мен кванттық оптикаға қатысты негізгі ұғымдар мен құбылыстарды қамтыды. Сауалнамаға Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің физика білім беру бағдарламасының білім алушылары қатысты. Барлығы 136 білім алушы, оның 42-сі ерлер, 94 әйел студенттер болды(1-кесте).

Кесте 1; Зерттеуге қатысқан білім алушылар туралы ақпарат

Рангілер	Жынысы	n (Саны)	Орташа ранг	Рангтер қосындысы
	Ерлер	42	46,63	1958,50
	Әйелдер	94	78,27	7357,50
Барлығы		136		

Педагогикалық өлшеулерде тестілер олардың қызметіне қарай үш негізгі топқа бөлінеді: қабілетті анықтауға бағытталған тестілер, жеке тұлғаларды белгілі бір деңгейге немесе санатқа топтастыруға арналған тестілер және білім көлемін анықтауға арналған тестілер. Ұсынылып отырған тест білім көлемін анықтауға жатады және оқушылардың кванттық оптика саласындағы, нақтырақ айтқанда, бір фотонмен жүргізілетін тәжірибелерге қатысты теориялық білімін бағалауға арналған. Тест тапсырмаларының негізгі бөлігі теориялық ұғымдарды қамтыса, бірқатары нақты фактілерге негізделіп құрастырылды. Осы зерттеу шеңберінде әзірленген тест құралы белгілі бір құрылымдық модельге сүйене отырып дайындалды. Бұл сауалнама үш негізгі компоненттен тұрады және олар кванттық оптика саласындағы білім мазмұнын кешенді түрде қамтуға бағытталған. Атап айтқанда:

- теориялық ұғымдар мен тұжырымдарға негізделген білімді бағалауға (теориялық компонент) – 5 тапсырма,
- кванттық сипаттағы объектілерге, соның ішінде фотон ұғымына қатысты түсініктерді анықтауға (фотондарға қатысты білім) – 3 тапсырма,
- тәжірибелік жағдайларды талдауға және техникалық сипаттағы пайымдаулар жасауға бейімділікті бағалауға (эксперименттік аспектілер) – 5 тапсырма.

Зерттеу аясында екі деңгейлі (two-tier) құрылымға негізделген, бір дұрыс жауабы бар жабық типтегі тест тапсырмалары қолданылды. Бұл формат оқушылардың тек пәндік білімін ғана емес, сонымен қатар олардың жауаптарына деген сенімділік деңгейін де бағалауға мүмкіндік береді. Бірінші деңгейде оқушыларға үш жауап нұсқасы ұсынылады және олар солардың ішінен өздері дұрыс деп есептеген бір нұсқаны таңдайды. Екінші деңгейде респонденттер алғашқы таңдауларына қаншалықты сенімді екенін бағалайды. Бұл бағалау үшін бес балдық Лайкерт шкаласы қолданылады, мұнда: Өте сенімдімін - 1, Сенімдімін - 2, Белгісіз - 3, Сенімсіз - 4, Жай ғана болжарым - 5. Әрбір нұсқаға сәйкесінше бірден беске дейін сандық баға берілді. Бұл сенімділік көрсеткіші білім алушылардың жауапты кездейсоқ таңдау ықтималдығын азайтуға арналған.

Зерттеу барысында қолданылған тест тапсырмаларының ішкі біртектілігі мен жалпы сенімділік деңгейі Кронбах альфа коэффициенті арқылы анықталды. Бұл көрсеткіш тест тапсырмаларының өзара сәйкестігін сипаттайды. Яғни, олардың біртұтас құрылым ретінде үйлесімді жұмыс істейтінін көрсетеді. Әдетте, 0,7-ден жоғары мәндер өлшеу құралының жеткілікті сенімділігін көрсетеді. Элементтер саны (N) талдауға енгізілген жалпы элементтер санын білдіреді. 13 элементтен тұратын тест үшін Кронбах альфа 0,943-ға тең, бұл өте жоғары үйлесімділік, демек, жоғары сенімділікті көрсетеді (2-кесте). Осылайша, алынған нәтижелер зерттеуде қолданылған өлшеу құралдарының жоғары сенімділік деңгейіне ие екенін растайды, бұл зерттеу нәтижелерінің сенімділігін арттырады. Деректерді талдау IBM SPSS Statistics бағдарламасының 29.0.2.0 нұсқасы арқылы жүргізілді.

Кесте 2; Сенімділік статистикасы

Көрсеткіш	Мәні
Кронбах альфасы	0,943
Сұрақтар саны (элементтер саны)	13

Нәтижелер мен талқылау. 1-гипотеза. *Студенттер кванттық оптикада тәжірибелік сипаттағы ұғымдарды теориялық ұғымдарға қарағанда жақсы меңгерген.*

Зерттеу барысында тест құрамындағы 13 тапсырма мазмұнына қарай екі категорияға бөлінді: теориялық ($n=6$) және тәжірибелік ($n=7$) сипаттағы сұрақтар. Әрбір респонденттің осы екі топтағы дұрыс жауаптарының жалпы саны есептеліп, олардың орташа мәндері SPSS бағдарламасында paired samples t-test әдісі арқылы салыстырылды (3-кесте).

Кесте 3;. Теориялық және тәжірибелік сұрақтар бойынша дұрыс жауаптардың салыстырмалы сипаттамасы

Сұрақ түрі	Орташа мән (M)	Стандартты ауытқуы (SD)	t(136)	p мәні
Тәжірибелік сұрақтар	14,32	3,21		
Теориялық сұрақтар	11,85	3,87	6,87	< 0,001

Талдау нәтижесінде студенттердің тәжірибелік сұрақтар бойынша орташа балы $M=14,32$, стандартты ауытқуы $SD = 3,21$, ал теориялық сұрақтар бойынша орташа ұпайы $M=11,85$, $SD = 3,87$ болды. t-статистикасының мәні $t(136)=6,87$ және бұл айырмашылық $p<0.001$ деңгейінде статистикалық тұрғыдан мәнді деп танылды. бұл сұрақтар

Зерттеу нәтижелері студенттердің тәжірибелік мазмұндағы ұғымдарды жақсы меңгеретінін көрсетті. Бұл тенденцияны бірнеше факторлармен түсіндіруге болады. Біріншіден, тәжірибелік сұрақтар көбінесе нақты жағдайларға, құрал-жабдықтарға немесе бақылауларға негізделген. Мұндай ақпараттар студенттің күнделікті оқыту тәжірибесімен байланысты және жадта жақсы сақталады (Duit & Treagust, 2003).

Екіншіден, тәжірибелік сұрақтарда дұрыс жауапты логикалық пайымдау арқылы табуға мүмкіндік бар, ал теориялық сұрақтар абстрактілі және формальды сипатта болады. Бұл студенттерге теориялық ұғымдарды түсінуді қиындатады. Кейбір зерттеулерде теориялық білімнің оқушы санасында орнығуы үшін дұрыс контекст пен визуализацияның маңызы зор екенін көрсеткен (Шаккозова, 2023).

Сонымен қатар, оптикалық құбылыстарды визуалды модельдермен (мысалы, интерференция, дифракция, фотон ағыны) көрсету тәжірибелік ұғымдарды қабылдауды жеңілдетеді. Ал толқындық функция, ықтималдық, суперпозиция сияқты ұғымдар күрделілігіне байланысты көп студенттер үшін меңгеруі қиын теориялық категорияларға жатады.

2-гипотеза. Студенттердің кванттық оптика бойынша дұрыс жауап беру деңгейі мен өз жауабына деген сенімділік көрсеткіші арасында оң корреляциялық байланыс бар.

Бұл гипотезаны тексеру мақсатында Pearson корреляция коэффициенті есептелді. Ол студенттердің тестідегі дұрыс жауаптар саны мен олардың осы жауаптарға қатысты сенімділік деңгейінің орташа мәні арасындағы байланысты анықтайды. SPSS бағдарламасы арқылы жүргізілген корреляциялық талдау нәтижесі төмендегі кестеде көрсетілген (4-кесте).

Кесте 4; Дұрыс жауаптар мен сенімділік деңгейі арасындағы корреляция

Айнымалылар	r (Pearson)	p мәні	N
Дұрыс жауаптар ↔ Сенімділік деңгейі	0.432	< 0.001	136

Нәтижелер көрсеткендей, дұрыс жауаптар саны мен сенімділік деңгейі арасында орташа деңгейдегі оң корреляция байқалды ($r=0.432$, $p<0.001$). Бұл

студенттер өздерінің нақты білім деңгейін белгілі бір дәрежеде дұрыс бағалай алатындығын көрсетеді.

Алынған нәтижелер когнитивтік психологиядағы метатану теориясымен үндеседі. Мысалы, метатанымдық бақылау мен сенімділік арасындағы байланыс оқу үдерісінде маңызды рөл атқаратынын көрсеткен. Яғни, студенттің өз білімін бағалаудағы дәлдігі оның нақты түсіну деңгейіне тәуелді болуы мүмкін (Schraw & Dennison, 1994).

3-гипотеза. Ер және әйел студенттердің кванттық оптика саласындағы білім деңгейінде статистикалық тұрғыдан айырмашылық байқалады.

Зерттеуге қатысқан студенттердің кванттық оптика бойынша білім деңгейі жыныстық белгіге қарай салыстырылды. Орташа мәндерге жүргізілген сипаттамалық талдау нәтижесінде ер студенттердің орташа балы ($M=23.36$, $SD=4.12$), ал әйел студенттердің орташа балы ($M=26.66$, $SD=4.30$) болғаны анықталды.

Екі тәуелсіз іріктеменің айырмашылығын анықтау мақсатында тәуелсіз t -тест қолданылды. Левеннің дисперсия теңдігін тексеру тестінің нәтижесі бойынша дисперсиялар тең деп қабылданды ($F=0.098$, $p=0.755$), сондықтан тең дисперсия шарты бойынша t -статистикасы есептелді.

t -тест нәтижесі жыныстық айырмашылықтың статистикалық тұрғыда маңызды екенін көрсетті: $t(134)=-4.193$, $p<0.001$. Әйел студенттердің кванттық оптикадан көрсеткен нәтижелері ер студенттерге қарағанда сенімді түрде жоғары болды. Орташа айырмашылық -3.30 (5-кесте).

Бұған қоса, эффект көлемі өте жоғары көрсеткішке ие болды (Коэннің $d=4.24$), бұл табылған айырмашылықтың практикалық мәні бар екенін дәлелдейді.

Кесте 5; Студенттердің жынысына байланысты кванттық оптика бойынша білім деңгейінің айырмашылығы

(t -критерий нәтижесі)

Дисперсия теңдігі	F мәні	p мәні	t мәні	Еркіндік дәрежесі (df)	(екі жақты)	Орташа айырмашылық	Айырмашылықтың стандартты қатесі	95% сенімділік интервал	
								Төменгі шек	Жоғарғы шек
Тең деп есептеледі	0,098	0,755	-4,193	134	< 0,001	-3,302	0,788	-4,860	-1,745
Тең емес деп есептеледі			-4,262	82,015	< 0,001	-3,302	0,775	-4,843	-1,761

Зерттеу нәтижелері кванттық оптика саласындағы студенттердің білім деңгейі гендерлік белгіге байланысты статистикалық және практикалық тұрғыдан елеулі айырмашылық бар екенін көрсетті. Әйел студенттердің орташа жетістігі ер студенттермен салыстырғанда айтарлықтай жоғары болды ($t(134) = -4.193$, $p < 0.001$, $d = 4.24$). Бұл гендерлік айырмашылық физика

пәнінде жиі кездеспейтін тенденция болғанымен, соңғы жылдардағы бірқатар зерттеулермен үндес келеді.

Мәселен, кейбір жүргізілген мета-талдау нәтижесінде, физика және математика салаларындағы гендерлік айырмашылықтар біртіндеп төмендеп келе жатқаны, алайда қыз студенттердің өз қабілеттеріне сенімділігі жоғары болған жағдайда оқу жетістіктері жоғарылай түсетіні анықталған(Else-Quest и др., 2010). Сондай-ақ, төмендегі авторлар өз еңбектерінде қыздардың ғылыми пәндерге қызығушылығы мен мотивациясы көбінесе әлеуметтік қолдау, оқытушының қолдауы және өзіндік тиімділік сезімімен байланысты болатынын көрсетеді(Wang & Degol, 2017). Бұл тұрғыдан алғанда, кванттық оптика секілді күрделі бөлімдерді меңгеру деңгейі жоғары болуы қыздардың өзіндік сенімділігінің және оқу әдістерінің тиімді болуымен байланысты болуы мүмкін. Дегенмен, физика пәніндегі оқу жетістіктері жыныстық айырмашылықтардан гөрі оқушылардың пәнге деген қызығушылығы, тәжірибелік әрекеттерге белсенді қатысуы және оқу ортасының қолдаушы сипаты сияқты факторлармен көбірек байланыстырылып түсіндіріледі(Hazari и др., 2010).

Осыған байланысты, төменде кванттық оптикаға қатысты 13 сұрақтан тұратын тест нәтижелерінің сипаттамалық статистикасы ұсынылды. Әрбір сұраққа 136 студент жауап берді. Орташа мән (Mean) мен стандартты ауытқу (Std. deviation) негізінде студенттердің білім деңгейі мен жауаптардағы сенімділік дәрежесі сарапталды.

Жалпы алғанда, барлық сұрақтар бойынша студенттердің жауаптарындағы орташа сенімділік деңгейі 1,57 мен 2,37 аралығында болды. Бұл – студенттердің тақырыпты ішінара меңгергенін, бірақ көптеген тұстарда толық сеніммен жауап бермегенін көрсетеді. Ең төмен орташа мән 1-сұраққа (Сәуле бөлгіш...) тиесілі ($M=1,57$; $SD=0,866$), бұл сұрақ студенттерге ең қиын немесе түсініксіз болғанын білдіреді. Ең жоғары орташа мән 2-сұрақта байқалды (Егер лазер сәулесі сызықты емес кристалға түссе...) – $M=2,37$; $SD=0,824$, бұл тақырып бойынша студенттердің сенімділігі жоғарырақ екенін білдіреді. Салыстырмалы түрде төмен стандартты ауытқулар 9-сұрақ ($SD=0,683$) пен 12-сұрақта ($SD=0,514$) тіркелді, бұл студенттердің бұл сұрақтарда біркелкі жауап бергенін, яғни топ ішіндегі сенімділік деңгейі тұрақты болғанын көрсетеді. Ал, 7-сұрақтағы стандартты ауытқу ең жоғары ($SD=0,902$), бұл студенттердің пікірлері әртүрлі болғанын білдіреді(6-кесте).

Орташа мәні 2,0-ден жоғары сұрақтар (2, 4, 9, 10, 11, 13) бойынша студенттер салыстырмалы түрде сенімді жауап берген. Бұл сұрақтар кванттық интерференция, лазерлік жарық, фотоэффект және интерферометрлердің жұмысы сияқты негізгі тақырыптарды қамтиды. Керісінше, 1,0–1,9 аралығындағы орташа мәндер (1, 3, 5, 6, 8, 12) студенттердің бұл сұрақтарға сенімсіз жауап бергенін көрсетеді. Бұл сұрақтар негізінен фотондарды жеке бақылау, энергия деңгейлері және фотонның детектормен әрекеттесуі сияқты концептуалды терең тақырыптарды қамтиды.

Бұл нәтижелер студенттердің кванттық оптика тақырыбындағы кейбір ұғымдарға қатысты білімінің жеткіліксіз немесе сенімсіз екенін көрсетеді.

Кесте 6; Студенттердің кванттық оптика бойынша тест нәтижелерінің сипаттамалық статистикасы

Сұрақ мазмұны (қысқартылған)	N	Ең төменгі мән	Ең жоғары мән	Орташа мән	Стандартты ауытқу
Сәуле бөлгіш...	1136	1	3	1,57	0,866
Егер лазер сәулесі сызықты емес кристалға түссе...	1136	1	3	2,37	0,824
Адам көзі бір фотондарды анықтауға жарамсыз, себебі...	1136	1	3	1,60	0,682
Егер электрон E_1 энергия күйінен төменгі E_0 күйіне өтсе, 1 Энергия айырмасы $\Delta E = E_1 - E_0$, нөлден үлкен болса...	1136	1	3	2,29	0,807
Сызықты емес кристалда фотон жұптары лазер сәулесінің генерациясынан. Бұл фотон жұптар энергия мен импульстің сақталу заңдылығына сәйкес пайда болады, сондықтан олар...	1136	1	3	1,93	0,854
Жеке фотон... детекторында...	1136	1	3	1,85	0,698
Интерференция жалпы түрде былай анықталады...	1136	1	3	1,96	0,902
Егер қос саңылау тәжірибесі жеке электрондармен жүргізілсе...	1136	1	3	1,64	0,849
Интерферометрлер жеке фотондық тәжірибелерде мына мақсатта қолданылады...	1136	1	3	2,31	0,683
Егер Микельсон интерферометрінде жеке фотон интерференциясы байқалса, онда фотон сәуле бөлгіште бөлінді деуге бола ма?	1136	1	3	2,18	0,871
Лазерлік жарық классикалық жарық болып саналмайды, себебі лазер үшін... Мұндағы α — фотондар санының анықталу коэффициенті	1136	1	3	2,09	0,882
Жалғыз фотондар (heralded photons) қатысатын әр түрлі тәжірибе үшін қажет...	1136	1	3	1,80	0,514
N фотондар — бұл...	136	1	3	2,06	0,814

Қорытынды. Ұсынылып отырған зерттеу жұмысының нәтижелері кванттық оптика саласындағы студенттердің білім деңгейін сипаттауға және оны әртүрлі айнымалылар тұрғысынан талдауға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында студенттердің теориялық және тәжірибелік мазмұндағы сұрақтарға берген жауаптары, олардың сенімділік деңгейлері, сондай-ақ жыныстық айырмашылықтарға байланысты ерекшеліктері жан-жақты сараланды.

Бірінші гипотезаны тексеру нәтижелері студенттердің тәжірибелік

сипаттағы ұғымдарды теориялық ұғымдарға қарағанда жақсы меңгеретінін көрсетті. Бұл, бір жағынан, тәжірибелік тапсырмалардың нақты контексте ұсынылуымен, екінші жағынан визуализация және логикалық пайымдауға сүйену мүмкіндігінің болуымен түсіндіріледі.

Екінші гипотеза бойынша алынған деректер студенттердің дұрыс жауаптарымен олардың өз жауаптарына деген сенімділігі арасында орташа деңгейдегі оң корреляция бар екенін көрсетті. Бұл нәтиже білім алушылардың метатанымдық қабілеттерінің белгілі бір дәрежеде дамығанын және өз білім деңгейін бағалаудағы дәлдіктерін білдіреді.

Үшінші гипотезаға сәйкес, студенттердің кванттық оптика саласындағы жетістіктері жыныстық айырмашылықтарға тәуелді екені анықталды. Әйел студенттердің көрсеткіштері ер студенттермен салыстырғанда статистикалық және практикалық тұрғыдан елеулі жоғары болды. Бұл нәтиже қазіргі заманғы зерттеулермен үйлеседі және оқу жетістіктеріне әсер ететін факторлар қатарында өзіндік сенімділік пен мотивацияның рөлін негіздейді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері кванттық оптика сияқты күрделі тақырыптарды меңгеруде студенттердің танымдық ерекшеліктері мен оқу үдерісін ұйымдастыру шарттарының маңызды рөл атқаратынын дәлелдейді. Бұл тұжырымдар болашақта оқу бағдарламаларын жетілдіру, оқыту әдістемелерін бейімдеу және студенттердің білім деңгейін арттыруға бағытталған педагогикалық стратегияларды әзірлеу үшін құнды негіз болады.

Әдебиеттер

Al-Salmani F., & Thacker B. (2021) Rubric for assessing thinking skills in free-response exam problems. *Physical Review Physics Education Research*, 17(1). 010135. <https://doi.org/10.1103/PhysRevPhysEducRes.17.010135>

Baily C., & Finkelstein N.D. (2010) Teaching and understanding of quantum interpretations in modern physics courses. *Physical Review Special Topics - Physics Education Research*, 6(1). 010101. <https://doi.org/10.1103/PhysRevSTPER.6.010101>

Chiofalo M.L.M., & Michelini M. (2023) An interview with Marisa Michelini: IUPAP-ICPE medal, professor of physics-education research at Udine University, GIREP President. *Eurasia Journal of Mathematics, Science and Technology Education*, 19(4), em2243. <https://doi.org/10.29333/ejmste/13031>

Duit R., & Treagust D.F. (2003) Conceptual change: A powerful framework for improving science teaching and learning. *International Journal of Science Education*, 25(6). — P. 671–688. <https://doi.org/10.1080/09500690305016>

Else-Quest N.M., Hyde J.S., & Linn M.C. (2010) Cross-national patterns of gender differences in mathematics: A meta-analysis. *Psychological Bulletin*, 136(1). — P. 103–127. <https://doi.org/10.1037/a0018053>

Greinert F., Müller R., Bitzenbauer P., Ubben M.S., & Weber K.-A. (2023) Future quantum workforce: Competences, requirements, and forecasts. *Physical Review Physics Education Research*, 19(1), 010137. <https://doi.org/10.1103/PhysRevPhysEducRes.19.010137>

Hazari Z., Sonnert G., Sadler P.M., & Shanahan M. (2010) Connecting high school physics experiences, outcome expectations, physics identity, and physics career choice: A gender study. *Journal of Research in Science Teaching*, 47(8). — P. 978–1003. <https://doi.org/10.1002/tea.20363>

Henriksen E.K., Bungum B., Angell C., Tellefsen C.W., Frågåt T., & Bøe M.V. (2014) Relativity,

quantum physics and philosophy in the upper secondary curriculum: Challenges, opportunities and proposed approaches. *Physics Education*, 49(6). — P. 678–684. <https://doi.org/10.1088/0031-9120/49/6/678>

Kaur M., & Venegas-Gomez A. (2022) Defining the quantum workforce landscape: A review of global quantum education initiatives. *Optical Engineering*, 61(08). <https://doi.org/10.1117/1.OE.61.8.081806>

Küchemann S., Ubben M., Dzsoťjan D., Mukhametov S., Weidner C.A., Qerimi L., Kuhn J., Heusler S., & Sherson J.F. (2023) The impact of an interactive visualization and simulation tool on learning quantum physics: Results of an eye-tracking study (Версия 1). arXiv. <https://doi.org/10.48550/ARXIV.2302.06286>

Құрманғалиева Л.Т., & Омарова А.Б. (2023) Оптика пәнін оқытуда кейс-стади әдісі. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің «Жоғары білім берудегі инновациялар» атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдар жинағында. — Б. 112–116.

Marshman E., & Singh C. (2015) Framework for understanding the patterns of student difficulties in quantum mechanics. *Physical Review Special Topics - Physics Education Research*, 11(2), 020119. <https://doi.org/10.1103/PhysRevSTPER.11.020119>

Michellini M., Faletic S., & Pospiech G. (2022) Work Group 3 Position Paper: Teacher Education and Teaching/Learning Quantum Physics. *Journal of Physics: Conference Series*, 2297(1), 012015. <https://doi.org/10.1088/1742-6596/2297/1/012015>

Müller R., & Wiesner H. (2002) Teaching quantum mechanics on an introductory level. *American Journal of Physics*, 70(3), 200–209. <https://doi.org/10.1119/1.1435346>

Оңғарбай А.А. (2024) Оптика курсындағы физикалық құбылыстарды 3D модельдеу арқылы түсіндірудің мүмкіндіктері. *Qazaq Journal of Young Scientist*, 5(2). <https://qazaqjournal.kz/qjys/article/view/66>

Özdemir G., & Clark D.B. (2007) An Overview of Conceptual Change Theories. *EURASIA Journal of Mathematics, Science and Technology Education*, 3(4). <https://doi.org/10.12973/ejmste/75414>

Schraw G., & Dennison R.S. (1994) Assessing Metacognitive Awareness. *Contemporary Educational Psychology*, 19(4), 460–475. <https://doi.org/10.1006/ceps.1994.1033>

Ubben M., & Bitzenbauer P. (2023) Exploring the relationship between students' conceptual understanding and model thinking in quantum optics. *Frontiers in Quantum Science and Technology*, 2, 1207619. <https://doi.org/10.3389/frqst.2023.1207619>

Wang M.-T., & Degol J.L. (2017) Gender Gap in Science, Technology, Engineering, and Mathematics (STEM): Current Knowledge, Implications for Practice, Policy, and Future Directions. *Educational Psychology Review*, 29(1). — P. 119–140. <https://doi.org/10.1007/s10648-015-9355-x>

Шаққозова Г. (2023) Педагогикалық ғылымдар: Теориялық білімді оқушы санасында орнықтыру жолдары. Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. <https://elibrary.kaznu.kz/wp-content/uploads/2023/02/2-pedagogika.pdf>

References

Al-Salmi F., & Thacker B. (2021) Rubric for assessing thinking skills in free-response exam problems. *Physical Review Physics Education Research*, 17(1), 010135. <https://doi.org/10.1103/PhysRevPhysEducRes.17.010135> (in Eng.).

Baily C., & Finkelstein N.D. (2010) Teaching and understanding of quantum interpretations in modern physics courses. *Physical Review Special Topics - Physics Education Research*, 6(1), 010101. <https://doi.org/10.1103/PhysRevSTPER.6.010101> (in Eng.).

Chiofalo M.L.M., & Michellini M. (2023) An interview with Marisa Michellini: IUPAP-ICPE medal, professor of physics-education research at Udine University, GIREP President. *Eurasia Journal of Mathematics, Science and Technology Education*, 19(4), em2243. <https://doi.org/10.29333/ejmste/13031> (in Eng.).

Duit R., & Treagust D.F. (2003) Conceptual change: A powerful framework for improving science teaching and learning. *International Journal of Science Education*, 25(6), — P. 671–688. <https://doi.org/10.1080/09500690305016> (in Eng.).

Else-Quest N.M., Hyde J.S., & Linn M.C. (2010) Cross-national patterns of gender differences in mathematics: A meta-analysis. *Psychological Bulletin*, 136(1), — P. 103–127. <https://doi.org/10.1037/a0018053> (in Eng.).

Greiner F., Müller, R., Bitzenbauer P., Ubber M.S., & Weber K.-A. (2023) Future quantum workforce: Competences, requirements, and forecasts. *Physical Review Physics Education Research*, 19(1), 010137. <https://doi.org/10.1103/PhysRevPhysEducRes.19.010137> (in Eng.).

Hazari Z., Sonnert G., Sadler P.M., & Shanahan M. (2010) Connecting high school physics experiences, outcome expectations, physics identity, and physics career choice: A gender study. *Journal of Research in Science Teaching*, 47(8), — P. 978–1003. <https://doi.org/10.1002/tea.20363> (in Eng.).

Henriksen E.K., Bungum B., Angell C., Tellefsen C.W., Frågåt T., & Bøe M.V. (2014) Relativity, quantum physics and philosophy in the upper secondary curriculum: Challenges, opportunities and proposed approaches. *Physics Education*, 49(6), — P. 678–684. <https://doi.org/10.1088/0031-9120/49/6/678> (in Eng.).

Kaur M., & Venegas-Gomez A. (2022) Defining the quantum workforce landscape: A review of global quantum education initiatives. *Optical Engineering*, 61(08). <https://doi.org/10.1117/1.OE.61.8.081806> (in Eng.).

Küchemann S., Ubber M., Dzsotjan D., Mukhametov S., Weidner C.A., Qerimi L., Kuhn J., Heusler S., & Sherson J.F. (2023) The impact of an interactive visualization and simulation tool on learning quantum physics: Results of an eye-tracking study (Версия 1). *arXiv*. <https://doi.org/10.48550/ARXIV.2302.06286> (in Eng.).

Kurmangalieva L.T., & Omarova A.B. (2023) Optika penin oqytuda keis-stadi edisi [Case-study method in teaching the subject of optics]. In *Materialdar jinagy respýblıkalyq ğylymi-praktikalıq konferenciä “Joghary bilim berýdegi innovaciýalar”*. — P. 112–116. (in Kaz.).

Marshman E., & Singh C. (2015) Framework for understanding the patterns of student difficulties in quantum mechanics. *Physical Review Special Topics - Physics Education Research*, 11(2), 020119. <https://doi.org/10.1103/PhysRevSTPER.11.020119> (in Eng.).

Micheli M., Faletic S., & Pospiech G. (2022) Work Group 3 Position Paper: Teacher Education and Teaching/Learning Quantum Physics. *Journal of Physics: Conference Series*, 2297(1), 012015. <https://doi.org/10.1088/1742-6596/2297/1/012015> (in Eng.).

Müller, R., & Wiesner, H. (2002). Teaching quantum mechanics on an introductory level. *American Journal of Physics*, 70(3), —P. 200–209. <https://doi.org/10.1119/1.1435346> (in Eng.).

Ongarbay A.A. (2024) Optika kursyndaǵy fizikalıyq qubylystardy 3D modeldey arqyly túsindirúdiń mýmkindikteri [Opportunities for explaining physical phenomena in the optics course through 3D modeling]. *Qazaq Journal of Young Scientist*, 5(2). <https://qazaqjournal.kz/qjys/article/view/66> (in Kaz.).

Özdemir G., & Clark, D.B. (2007) An Overview of Conceptual Change Theories. *EURASIA Journal of Mathematics, Science and Technology Education*, 3(4). <https://doi.org/10.12973/ejmste/75414> (in Eng.).

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/ or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Ответственный редактор **А. Ботанкызы**

Редакторы: **Д.С. Аленов, Т. Апендиев**

Верстка на компьютере: **Г.Д. Жадырановой**

Подписано в печать 31.10.2025.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать - ризограф.

46,0 п.л. Тираж 300. Заказ 5.